

КМҚК №33 "Көркемай" бөбекжай-бақшасы

**ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ
ДИАГНОСТИКА**
(Мектеп алды даярлық тобы)

Өткізген психолог Жұмашева Ә.Б.

2022 оқу жылы

Бекітемін:

Қабылдау.

1.Қабылдауға арналған "Мына суреттерде не жетіспейді?"

Мақсаты:ұғыну тұтастығын анықтау.

Тапсырманың сипаттамасы:балаға кейбір заттың бір бөлігі жетіспейтіндей етіп бейнеленген суреттер тобы ұсынылады және жетіспейтін бөлікті мүмкіндігінше тез анықтап,оны атау жөнінде тапсырма беріледі.Баланың бүкіл тапсырманы орындауға жұмсаған уақытын белгілейді.

Зейін.

1.Зейінге арналған "Белгілерді қой"әдістемесі.

Мақсаты:зейіннің нәтижелілігі мен орнықтылығын анықтау.

Тапсырманың сипаттамасы:балаға суретті көрсетіп,онымен қалай жұмыс істеу керектігін түсіндіреді.Бұл жұмыстың реті мынадай:әрбір шаршыға,үшбұрышқа,шеңберге және ромбыға үлгінің жоғарғы жағында берілген белгіні қою керек.Бала тапсырманы 2 минут уақыт ішінде үзіліссіз орындайды.

Ойлау.

1.Ойлауға арналған "Жыл мезгілдері"әдістемесі.

Мақсаты:баланың қоршаған әлем туралы және олардың арасындағы қисынды байланыстар мен қатынастар туралы қарапайым бейнелі түсініктерін бағалау.

Тапсырманың сипаттамасы:бұл тапсырманы орындауға бөлінген 2 минут уақыт ішінде бала тиісті жыл мезгілін атап қана қоймастан,сондай-ақ ол туралы өзінің пікірін дәлелдеуге тиіс болады,яғни өзінің неге солай ойлайтынын түсіндіруі,оның ойынша бұл суретте жылдың басқа бір мезгілі емес,нақ осы мезгілі бейнеленгенін білдіретін белгілерді көрсетуі тиіс.

2.Ойлауға арналған "Артық затты көрсет"әдістемесі.

Мақсаты:баланың бейнелі - қисынды ойлауын,талдау және жинақтау,ақыл-ой операцияларын зерттеу.

Тапсырманың сипаттамасы:балаларға ұсынылатын суреттер топтамасындағы әртүрлі заттарға мынадай нұсқаулықтар қоса берілген."Бұл суреттердің әрқайсысында бейнеленген 4 заттың біреуі артық болып табылады.Суретке зер сала қарап,қандай заттың артық екенін және неге артық екенін анықтаңдар"Тапсырманы орындауға 3 минут уақыт беріледі.

3.Ойлауға арналған "Қисынсыздықтар әдістемесі"

Мақсаты:баланың қисынды ойлау және өз ойын грамматикалық дұрыс білдіру қабілетін анықтау.

Тапсырманың сипаттамасы:балаға жануарлар қатысатын бірнеше айтарлықтай қисынсыз жағдайлар бейнеленген суреттер көрсетеді.Ол суретті карап көру кезінде оған қосымша мынадай нұсқаулық алады:"Мұнда не нәрсе дұрыс салынбаған және ол шындығында қалай болуы тиіс?"Суретті көрсету және тапсырманы орындау уақыты 3 минутпен шектелген.Осы уақыт ішінде бала барлық қисынсыз жағдайларды байқап,олардың іс жүзінде қалай болуы керектігін түсіндіруі тиіс.

Қиялдау

1."Фигуралардың суретін салып бітіру"әдістемесі.

Мақсаты:шығармашылық қуатты,оның даму деңгейін анықтау.

Тапсырманың сипаттамасы :балаға 4 фигура беріледі де,ойлана отырып,олардың суретін салып бітіру ұсынылады.